

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ

Филология кафедрасы

Мусаева Н.

5B012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне арналған біртұтас

Практика бағдарламасы

Шымкент, 2016 ж.

5B012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне арналған біртұтас практика бағдарламасы. – Шымкент: Шымкент университеті, 2016 ж. 19 бет.

Ұсынылған практика бағдарламасы 5B012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне практикалық іс-тәжірибелерді өткізу үшін қажетті оқу-әдістемелік құрал болып табылады.

Рецензенттер:

Оразалиев С., М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ф.ғ.к.

Бахадырова С., Шымкент университеті, ф.ғ.д.

Практика бағдарламасы Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып құпталды.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі кезде қоғамдағы өзгерістер білім беру саласында тың үрдістерге бастады. Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мақсат міндеттердің ең бастысы өзінің ісін жалғастыратын салауатты, саналы, білімді ұрпақ өсіру. Олай болса, кәсіби деңгейде қалыптасқан, белсенді маман даярлау білім орындарының өзекті мәселесі іс-тәжірибе болашақ маманның теориялық және практикалық білімін байланыстыра отырып оқыту сапасы мен алғашқы кәсіби дағдылардың, шеберліктің қалыптасуына негіз болады. Жалпы педагогикалық іс-тәжірибе барысында студенттердің кәсіби белсенділігі интегративті сипатта қалыптасады, себебі педагогикалық дағдыны бір сабақта қалыптастыру мүмкін емес, керісінше, қарапайым әдіс – тәсілді меңгерудің өзі біршама уақыт аралығында жүзеге асады да, күрделі де, маңызды кәсіби шеберлікті қалыптастырады.

Оқу практикасы төменгі курстарда өтеді. Сонымен, оқу практикасының мақсаты базалық және кәсіби пәндер бойынша теориялық білімдерін іс-тәжірибелер арқылы нақтылау саналады. Оқу жоспары бойынша келесі пәндер бойынша оқу практикасы жүргізіледі.

Педагогикалық практика студенттер үшін маңызды оқу үрдісінің бөлімі болып саналады. Педагогикалық практика кезінде студенттер барлық биологиялық пәндерден алған білімдерін жалпы білім беру мектебінде іс жүзінде қолдану арқылы машықтанады. Бұл практика түрі болашақ маман үшін соңғы іс-тәжірибе болып саналады. Педагогикалық практика 3 курста өткізіледі. Студенттер қала мектептерінде 4 апта бойында мұғалім қызметін атқарады. Мектеп бағдарламасына сәйкес сабақ жүргізеді. Мектептегі оқу, тәрбие және қоғамдық жұмыстарды жоспарлау, бағалау және қадағалау бойынша машықтанады.

Өндірістік практика студенттер үшін маңызды оқу үрдісінің бөлімі болып саналады. Өндірістік педагогикалық практика кезінде студенттер барлық қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен алған білімдерін білім беру мекемелерінде іс жүзінде қолдану арқылы машықтанады. Бұл практика түрі болашақ маман үшін соңғы рет тәжірибе білімін бекіту болып саналады. Бұл практика барлық теориялық біліміндерін аяқтаған кезде, яғни 4 курста өткізіледі. Студенттер келісімшарт жасақан практика базаларымен 10 апта бойы мұғалім қызметін атқарады. Мектеп бағдарламасына сәйкес сабақ жүргізеді. Мектептегі оқу, тәрбие және қоғамдық жұмыстарды жоспарлау, бағалау және қадағалау бойынша машықтанады.

1. Практика бойынша жалпы ережелер

1.1 Оқу практикасының мақсаты мен міндеттері.

- Нақты педагогикалық міндеттерді шешуге педагогикалық, психологиялық, қоғамдық, саяси және арнайы білімдерін пайдалану тереңдету, нақтылау;
- Болашақ мұғалімдердің педагогикалық дағдысы мен іскерлігін, кәсіптік біліктіліктерін қалыптастыру, дамыту;
- Студенттің болашақ мамандығына қызығушылығы мен сүйіспеншілігін оятып, педагогикалық қызметке шығармашылық пен қарауға тәрбиелеу;
- Оқу – тәрбие жұмысындағы бүгінгі заман талабына сай алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелермен танысу;
- Оқу тәрбие мекемелеріне бала тәрбиелеу міндеттерін шешуде жан – жақты көмек көрсету.
- Педагогикалық қызмет процесінде студенттердің университеттен алған теориялық білімдерін қолдану арқылы іс – тәжірибеде тереңдетіп, бекіту және жан – жақты пайдаланы білу;
- Студенттердің курстық, дипломдық жұмыстарына байланысты материалдарды жинау;
- Іс – тәжірибенің мазмұны мен ұйымдастырылуы қазіргі кездегі мектеп және мұғалімге қойылатын талапқа сай болуы керек;
- Педагогикалық практика барысында педагогикалық, яғни қоғамдық саяси, психологиялық – педагогикалық және арнайы пәндердің пән аралық байланысы мен студенттердің мектептегі әр түрлі іс – әрекетінің ұштастырылып жүзеге асырылуы, жетекшілік пен студенттің өзін - өзі басқаруының іске асырылуы;
- Факультеттің ерекшелігін, ЖОО мен мектептің нақты жағдайын ескере отырып, педагогикалық практиканы ұйымдастыру мазмұнын саралау.

1.2 Оқу практикасының өткізілуіне қойылатын талаптар

Оқу практикалары пән бойынша практика жетекшісінің басшылығымен жүргізіледі. Практика алдында студенттерге практикалық сабақтың мақсаты мен міндеттері, сабақтың жүру ерекшеліктері, практикадан алынатын соңғы нәтиже мен оның маңызы түсіндіріледі. Практикалық тапсырманы орындауға қажетті әдістемелік материалдар мен қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Сабақтың соңында студент практикалық тапсырманы орындағаны туралы мәлімет өткізеді. Практика жетекшісі тапсырманы қабылдап алады. Тапсырма нәтижесі тиісті бағаланады.

Шын мәнінде қоғамдық – педагогикалық жүйеге ие бола алатын, ынталы шығармашылық ойлау қабілеті жетілген, өзін – өзі тәрбиелеу дағдысы қалыптасқан, еңбекпен тәртіп ережесін бойына сіңірген, гуманист, тілдік қарым – қатынасты орната алатын маман.

Болашақ мамандығына қажетті азаматтық, адамгершілік қасиеттерді жоғары дарыта бағалайтын және оны өз бойына қалыптастырумен бірге оларды шәкірттеріне дарыта білетін іскер де қабілетті маман.

Қазіргі нарықтық экономикаға байланысты кәсіпкерлік көрсетіп, қоғам талабын тез сезіне білетін, соған орай әрекет ететін, өз ісінің нәтижелі болуына ынталы жасампаз маман.

1.3 Педагогикалық практиканың мақсаттары мен міндеттері.

Педагогикалық практиканың мақсаты болып студенттің жалпы білім бері мектебінің мұғалімі қызметін атқаруға дағдылану саналады. Педагогикалық практика кезінде практикант келесі дағдыларды қалыптастыруы қажет:

- мектеп бағдарламасы бойынша шетел тілі пәндерінен сабақ жүргізуді меңгеру;
- пән бойынша жылдық жоспарды түзуді үйрену;
- тақырыптық жоспарды түзу;
- сабақта көрнекіліктермен жұмыс істеуді үйрену;
- сынып жетекшісі рөлін атқаруды үйрену;
- сыныптағы тәрбие сағаттарын өткізуге машықтану;

- пән бойынша шетел тілілік үйірменің жұмысыен басқаруды меңгеру;
- белгілі тақырыпқа диспут өткізуді меңгеру;
- пән тақырыбына ашық сабақ өткізу;
- сынып оқушыларына психологиялық мінездеме түзуді меңгеру;
- сыныптағы психологиялық климатты анықтау, оқушылармен қарым-қатынас түзуге дағдылану;
- оқушылардың білімін бағалаудағы педагогикалық қағидаларды меңгеру;
- жалпы мектеп мұғаліміне қажетті педагогикалық ұстанымдарды меңгеруге дағдылану.

1.4 Педагогикалық практикасын өткізуге қойылатын талаптар

Педагогикалық практика міндетті түрде мектепте өткізіледі. Практика өтетін мектеппен заңды бекітілген келісім шарт болуы тиіс. Педагогикалық практикаға студенттер университеттің ректорының бұйрығымен бекітілген және оқу жоспарында көрсетілген мерзімде барады. Алдын ала, студенттердің қай мектепке және қандай сыныптарға қай сабақтардан мұғалім қызметін атқаратыны туралы мағлұматтар жиналады. Студенттерге арнайы практика жөніндегі әдіскер бекітіледі. Практикаға керекті әдістемелік және келісім шарттық құжаттар тапсырылады. Практика кезінде студенттің орындайтын жұмыстары мен жинайтын материалдары және практика туралы есеп беруге қажетті материалдар мен құжаттар тізімі нақтыланады; практикаға жолдама, күнделік және практикаға арнайы тапсырмалар.

Мектепке келгеннен кейін студенттер мектеп басшысының нұсқауы бойынша белгілі пән мұғалімінің қарамағына бекітіледі. Практикант оқу бағдарламалары және сабақ жоспарларымен еркін танысуы шарт. Практикант мектептегі техника қауіпсіздігімен танысып арнайы журналға қол қояды. Сабақ кестесімен танысады.

Практика кезінде студент күнделікті атқарған жұмысы туралы жазбаша есеп жинайды. Практика соңында студент күнделігін және практика өткені туралы құжаттарды мектеп басшысының қолымен және мөрімен нақтылап жабады. Студентке мектеп басшысы мінездеме береді.

Студент күнделіктен басқа, барлық байқаған және үйренген әдістемелік материалдар туралы арнайы дәптерге материал жинайды. Практика соңында барлық жиналған материалдарды қорытындылап практика туралы есеп жазады. Университетке келгеннен кейін келесі 1 апта ішінде студент практика туралы есебін кафедраға өткізуі тиіс. Есеп университеттің арнайы кеңесінде қорғалып бағаланады.

Практикаға қатыспаған студентке және практика кезінде барлық педагогикалық ережелерді сақтамағана және оны бұзған студенттерге мектеп директоры шара қолдануға құқықты және оол туралы университет ректорына хабарлайды. Университет ректоры ол хабарды талқылап ары қарай қандай шара қолдануды шешеді.

1.5 Педагогикалық практиканың мақсаттары мен міндеттері.

- 1) мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттеу;
- 2) теориялық білімдерді бекіту және бұл негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;
- 3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерді меңгеру;
- 4) ұйымдастырушылық және кәсіптік тәжірибені игеру;
- 5) командалық жұмыстың, басқарудың корпоративтік қағидалары құзыретінің дағдыларын игеру;
- 6) өз бетінше өз қызметті жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстарды орнату, рольдік кәсіби ұстанымын айқындау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру машықтарды меңгеру болып табылады.

1.6 Педагогикалық практикасын өткізуге қойылатын талаптар:

- 1) Педагогикалық қабілеттілікті дамыту және қалыптастыру (ұйымдастырушылық,

коммуникативтік, құрылымдық, қолданбалылық және т.б.);

2) кәсіптік –педагогикалық біліктілікті қалыптастыру (өзінің пәні бойынша сабақтың оқытылатын, дамытушылық және тәрбиелік міндеттерін, сыныптан тыс сабақтарды анықтау, дәстүрлі және жаңа технологиялар, оқыту әдістерін байланыстыра отырып пайдалану);

3) Педагогикалық жұмысқа шығармашылық зерттеумен баруды қалыптастыру;

4) Педагогикалық үдерісті, жеке басының сапасын басқаруда өзін-өзі бағалауды дамыту. Еңбек нарқындағы бәсекелестік жағдайда өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізу.

1.7 Өндірістік практиканың мақсаттары мен міндеттері.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің кәсіптік тәжірибесі еңбек нарығында кәсіптік құзыреттілік және бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруда маңызды роль ойнайды.

Кәсіптік тәжірибе – бұл жоғары білікті кәсіптік мамандар дайындау жүйесінің жетекші элементіне кіреді:

- тәжірибелік білімді және машықты академиялық білімдерін ауыстыруға;

- кәсіптік-өндірістік қызмет саласына болашақ мамандарды бейімдеу;

- жеке патенциалын өзіндік тарату және кәсіптік мүдделерін тереңдету және жеке бағыттығы;

1.8 Өндірістік практикасын өткізуге қойылатын талаптар:

1) мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттеу;

2) теориялық білімдерді бекіту және бұл негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;

3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерді меңгер

4) ұйымдастырушылық және кәсіптік тәжірибені игеру;

5) командалық жұмыстың, басқарудың корпоративтік қағидалары құзыретінің дағдыларын игеру;

6) өз бетінше өз қызметті жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстарды орнату, рольдік кәсіби ұстанымын айқындау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру машықтарды меңгеру болып табылады.

2. Практиканың жеке түрлерінің бағдарламасы

2.1. Оқу практикалары

1. Оқу (фольклорлық) іс-тәжірибенің мақсаты:

1. Фольклорлық оқу практиканың мақсаты – ғасырлар бойы түрлі жырау, жыршы, ақын, көркем сөз зергерлерінің өңдеуінен өткендіктен, қазақ фольклоры жанр жағынан да аса іргелі, қомақты. Жанр байлығына келгенде, қазақ фольклоры жазба әдебиетке жете қабыл.

2. Еңбек пен түрлі әдет-ғұрыптарға байланысты салт жырлары да бірнеше топқа бөліп қарастыру: төрт түлік мал туралы жырлар, бәдік, арбау, бата, бақсылық сарындары, наурыз, жарапазан, т. б.

3. Қазақ ертегілерін қиял-ғажайып (мифологиялық), хайуанаттар жайындағы және шыншыл-реалистік ертегілер деп бөлер болсақ, соның әрбір жанрында жүздеген сюжеттердің болуы.

4. Эпос туындыларын батырлық, тарихи және ғашықтық жырлары деп бөлсек, мұның да әр саласында келелі жырлар аз емес.

5. Айтыс поэзиясы жөнінде де осыны айтуға болады. Бұдан көретініміз: қазақ фольклоры оқып үйренуді, ғылыми тұрғыдан терең зерттеуді тілейтін қымбат қазыналардың бірі, бүгінгі мәдениетімізге келіп құйған халық творчествосының үлкен бір арнасы.

2. Оқу (фольклорлық) іс-тәжірибенің міндеті:

Ауыз әдебиетін жинап, зерттеуде төмендегі шарттарды негізге алу керек:

1. Фольклортану ғылымының объектісі мен міндетін анықтап алу.
2. Фольклор және жазба әдебиет деп қарастыру және теориялық сипатын ашу.
3. Ауыз әдебиетінің әлеуметтік маңызын анықтау.

Өмір тәжірибесімен бірге ой, оның материалдық қабығы - тіл жетіле келіп, сөзден өлең, өлеңнен ән және би бөлініп шығады. Осыған орай халық поэзиясын орындаушылардың да қызметі өзгеріп отырған. Оларды біз фольклор шығармаларының қарапайым аноним айтушылары, ертекші, ақын, жырау, айтыс поэзиясының дарынды иелері — импровизаторлар дейміз.

Фольклор шығармалары қоғам дамуының әр түрлі сатысында, негізінен еңбек процесінде жасалатын болғандықтан, пессимизм дегенді білмейді. Оның бас кейіпкерлері көбіне мұрат-мақсаттарына жетіп отырады. Мұны фольклорға тән оптимизм белгісі дейміз.

Қазақ эпосының құндылығы мен халықтығының бір белгісі - оның бай да көркем тілінде. Мұндай жырлардың тілі, халықтық сөздігі, грамматикалық құрылысы жазба әдебиетімізден көп бөлек емес. Фольклор шығармаларының тілі ақындық тілдің биік табысы болумен қатар, қазақтың бүгінгі әдеби тілінің де негізін қалаған. Осы себептерден, қазақ фольклорын зерттеудің ғылыми, өмір-танытушылық, эстетикалық, тәрбиелік және тарихи мәні аса зор.

3. Есеп беру құжаты:

Күнделік (жүргізілген жұмыстар туралы);

Үлгі бойынша толтырылған кеспе қағаз (конвертте);

Студенттің есебі жазылған қалың дәптер (беттері нөмірленген).

4. Оқу (фольклорлық) іс-тәжірибеге арналған әдістемелік нұсқаулар

Ауыз әдебиетін фольклор деп те атаймыз. Фольклор - ағылшын сөзі. Ол - халық творчествосы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы, халық даналығы деген ұғымды береді. Фольклор дүние жүзіндегі халықтардың бәрінде бар. Ал халықтың ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымды фольклористика деп атайды. Қай халықты алсақ та, оның көркем әдебиеті ауыз әдебиетінен басталады. Демек, ауыз әдебиеті болмаған, бірден жазба әдебиетін жасаған халық бұрын-соңды тарихта кездеспейді.

Әдебиеттік жағынан алғанда, қазақтың ауыз әдебиеті де әр алуан. *Халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты туған шығармалар, мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері сияқты қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинақтау.* Бір ескере жайт, ауыз әдебиетінің барлық түрі бір мезгілде тумаған және олардың тууына себеп болған жағдайлар да біркелкі емес, әркелкі. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінің қай кезде қандай түрі туғандығы, ғылымда әлі күнге дейін дәлелденбей, тек болжал ретінде белгілі болып отыр. Ауыз әдебиетінің үлгілерін зерттеу барысында студент келесі жағдаяттарды ескеруі тиіс.

5. Оқу (диалектологиялық) іс-тәжірибенің мақсаты:

Диалектологиялық оқу практиканың мақсаты – жергілікті ауыз әдебиеті үлгілеріндегі халық арасындағы салт-дәстүрлердің аты аңызға айналған ерекшеліктерді жинау. Бұл мақсатпен жүктелген міндетті орындау үшін мына төмендегілерді ескеру керек:

Оқу (диалектологиялық) ерекшеліктерді барған жердің қарияларының өз ауыздарынан жазып және олардың жазылу ерекшеліктеріне көңіл бөлу.

Оқу (диалектологиялық) оқу практиканың ерекшелігі бар сөздерді өзгертпей, айтылуы бойынша жазу.

Әрбір айтылған аты аңызға айналған ауыл ішіндегі кейбір жер-су атауларының анықтамасын көрсету.

Іс-тәжірибенің барысында сөйленістер тобының немесе фольклорлық семантикалық-лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін бір-бірінен ажырату арқылы толық қамтуға тырысу керек. Ол үшін аталған фольклорлық ерекшеліктерді мағыналық, дыбыстық және грамматикалық формалары жағынан бірнеше топқа бөліп жинау қажет. **Диалектологиялық** ерекшеліктерді жинаушылар төмендегі бағдарламада көрсетілген үлгіні қолдана білуі тиіс.

6. Оқу (диалектологиялық) іс-тәжірибенің міндеті:

- Нақты педагогикалық міндеттерді шешуге педагогикалық, психологиялық, қоғамдық, саяси және арнайы білімдерін пайдалану тереңдету, нақтылау;
- Болашақ мұғалімдердің педагогикалық дағдысы мен іскерлігін, кәсіптік біліктіліктерін қалыптастыру, дамыту;
- Студенттің болашақ мамандығына қызығушылығы мен сүйіспеншілігін оятып, педагогикалық қызметке шығармашылық пен қарауға тәрбиелеу;
- Оқу – тәрбие жұмысындағы бүгінгі заман талабына сай алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелермен танысу;
- Оқу тәрбие мекемелеріне бала тәрбиелеу міндеттерін шешуде жан – жақты көмек көрсету.

7. Есеп беру құжаты:

1. Күнделік;
2. Дербес-өзіндік жұмыстары;
3. Көрнекіліктері;
4. Қорытынды есебі.

8. Оқу (диалектологиялық) іс-тәжірибеге арналған әдістемелік нұсқаулар

Білім алушылардың кәсіптік практикасы мамандар мен жұмысшылар даярлаудың бір бөлігі болып табылады, ол іс – тәжірибе базасы болып табылатын тиісті ұйымдарда жүргізіледі және білім беру ұйымдарындағы оқыту процесінде алған білімді бекітуге алған практикалық дағдылар мен тәжірибені меңгеруге бағытталған.

Іс тәжірибенің түрлері, мерзімі мен мазмны білім беру ұйымдарының жоспарлары мен және бағдарламаларымен белгіленеді.

Білім беру ұйымдары кәсіптік іс – тәжірибені өткізу үшін шарттық негізде практика базасы ретіндегі ұйымдарда анықтайды, олармен іс – тәжірибені өткізудің бағдарламаларын және күнтізбелік кестесі кесіледі. Шарттарды білім беру ұйымдарының іс – тәжірибе базасы болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері белгіленеді.

9. Оқу (тіл танымдық) іс-тәжірибенің мақсаты:

Іс-тәжірибенің негізгі мақсаты – студенттерді пән мұғалімі және сынып жетекшісі(тәрбиеші) қызметіне даярлау.

Педагогикалық іс-тәжірибенің барысында төмендегі міндеттер шешіледі:

- студенттерді жаңа шығармашылықпен ойлауға тәрбиелеу;
- бүкіл педагогикалық үдерісті басқаруға мұғалімдік даярлықты қалыптастыру;
- мектептегі, сыныптағы бүкіл педагогикалық үдерістің күйі мен оқушының жеке тұлғалық ерекшелігін анықтауды жүзеге асыру үшін жалпы педагогикалық білімді, білік пен дағдыны іс жүзіне асыру;
- пән мұғалімдерімен, оқушылармен, ата-аналармен қарым-қатынасты қалыптастыру;

10. Оқу (тіл танымдық) іс-тәжірибенің міндеті:

- педагогикалық қабілеттілікті дамыту және қалыптастыру (ұйымдастырушылық, коммуникативтік, құрылымдық, қолданбалылық және т.б.);
- кәсіптік – педагогикалық біліктілікті қалыптастыру (өзінің пәні бойынша сабақтың

оқытылатын, дамытушылық және тәрбиелік міндеттерін, сыныптан тыс сабақтарды анықтау, дәстүрлі және жаңа технологиялар, оқыту әдістерін байланыстыра отырып пайдалану);

- педагогикалық жұмысқа шығармашылық зерттеумен баруды қалыптастыру;

- педагогикалық үдерісті, жеке басының сапасын басқаруда өзін-өзі бағалауды дамыту.

Еңбек нарқындағы бәсекелестік жағдайда өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізу.

11. Есеп беру құжаты:

1. Күнделік;

2. Дербес-өзіндік жұмыстары;

3. Көрнекіліктері;

4. Қорытынды есебі.

12. Оқу (тіл танымдық) іс-тәжірибеге арналған әдістемелік нұсқаулар

Білім алушылардың кәсіптік практикасы мамандар мен жұмысшылар даярлаудың бір бөлігі болып табылады, ол іс – тәжірибе базасы болып табылатын тиісті ұйымдарда жүргізіледі және білім беру ұйымдарындағы оқыту процесінде алған білімді бекітуге алған практикалық дағдылар мен тәжірибені меңгеруге бағытталған.

Іс тәжірибенің түрлері, мерзімі мен мазмны білім беру ұйымдарының жоспарлары мен және бағдарламаларымен белгіленеді.

Білім беру ұйымдары кәсіптік іс – тәжірибені өткізу үшін шарттық негізде практика базасы ретіндегі ұйымдарда анықтайды, олармен іс – тәжірибені өткізудің бағдарламаларын және күнтізбелік кестесі кесіледі. Шарттарды білім беру ұйымдарының іс – тәжірибе базасы болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері белгіленеді.

2.2. Педагогикалық практика

2.1 Педагогикалық практика туралы қысқаша сипаттама

Қазіргі кезде қоғамдағы өзгерістер білім беру саласында тың үрдістерге бастады. Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мақсат міндеттердің ең бастысы өзінің ісін жалғастыратын салауатты, саналы, білімді ұрпақ өсіру. Олай болса, кәсіби деңгейде қалыптасқан, белсенді маман даярлау білім орындарының өзекті мәселесі іс-тәжірибе болашақ маманның теориялық және практикалық білімін байланыстыра отырып оқыту сапасы мен алғашқы кәсіби дағдылардың, шеберліктің қалыптасуына негіз болады. Жалпы педагогикалық іс-тәжірибе барысында студенттердің кәсіби белсенділігі интегративті сипатта қалыптасады, себебі педагогикалық дағдыны бір сабақта қалыптастыру мүмкін емес, керісінше, қарапайым әдіс – тәсілді меңгерудің өзі біршама уақыт аралығында жүзеге асады да, күрделі де, маңызды кәсіби шеберлікті қалыптастырады.

Болашақ ағылшын және неміс тілі мамандығының иесі мектепте өтетін іс-тәжірибесіне қажет практикалық білім, білік іскерліктерімен дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға көңіл аудару керек, сынып жетекшінің және ағылшын тілін оқытатын мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысын жоспарлай білу, оқушылар ұжымымен жеке оқушының жас және дербес ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттей білуі, саяси-идеялық тәрбиеге басым көңіл аудару қажет.

Оқытудың тәрбиемен тығыз байланысын, оның құрал ретінде оқушыларға тек ақыл-ой тәрбиесін қалыптастыруда білім беріп қана қоймай, олардың танымдылық, байқағыштық, зейінділік, зеректік, есте сақтау, шығармашылық, қиял, сөйлеу, ойлау сияқты қабілеттерін қалыптастыруға көмектесуі тиіс.

Педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда кәсіби дайындық дегеніміз ұстаздың теориялық білімдері мен іс-тәжірибелік әрекеттерінің бірлігі, оның тікелей нәтижесі, дамыған педагогикалық ой-санасы өзіне тән шығармашылық ерекшелігі және жеткілікті

деңгейде беретін пәннің материалын меңгеруі. Бұлар оқушылар іс-әрекетін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, олардың тұлғасының дамуына және тұлға ретінде өз орнын табуға алып келеді.

Педагогикалық практика студенттің пән мұғалімінің сабағына пассивті қатысуынан басталады. Екі-үш сабақтар бойынша студент мұғалімнің сабағын талдауы қажет. Сабақтың мазмұнына, әдістемелік құрылымына талдау жүргізеді.

Практика соңында бекітілген сынып оқушыларына психологиялық-педагогикалық мінездеме түзу қажет.

Практика бойында студент мектеп өміріндегі қоғамдық жұмыс жоспары бойынша көпшілік жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысуы қажет.

2.2 Студенттердің педагогикалық іс-тәжірибе кезінде жүргізілетін жұмыстары туралы жеке жоспарының нұсқасы

Жеке жоспар

Күні	Жоспарланған оқу жұмысы	Жоспарланған тәрбие жұмысы
1	Университеттегі педагогикалық практиканың оқу жоспарымен танысу.	Жоспарланған тәрбие жұмысы.
2	Мектептің педагогикалық ұжымымен танысу.	Берілген сыныппен танысу.
3	Күнделікті сабақ жоспарын жасау.	Халық педагогикасының маңызы. Сынып сағатын ұйымдастыру.
4	Қазақ тілі сабағына қатысу.	Келесі тәрбие сағатын өткізуге дайындық.
5	Сабақ көрнекілігін дайындау.	Мерекелік газет шығаруды жоспарлау.

2.3 Өтілген сабаққа талдау жүргізу әдістемесі бойынша қойылатын талаптар:

1. Сабақтың мазмұнына талдау жасау.
2. Сабақтың алдына қойылған мақсатқа жетті ме?
3. Жаңа сабақтың мазмұна толық ашылдыма жоқпа?
4. Сабақтың әдістемелік негізі немесе тәсілі дұрыс анықталған ба?
5. Сабақтың қай кездері сәтті немесе нашар өтті?
6. Жаңа сабақты түсіндіру методикасы дұрыс қойылдыма?
7. Мұғалімнің сабақ беру мәнері және білім деңгейі қандай болды?
8. Сабақ кезінде тақырып аралық және пән аралық байланыстар болдыма?
9. Жаңа сабақты бекту қалай өтті?
10. Сабаққа берілген уақыт тиімді пайдаланылдыма?
11. Сабақ кезінде оқушыларының қызығушылығын артыратын әдістер түрлері пайдаланылдыма?
12. Сабақты көрнекіліктермен қамтамасыз ету қандай дәрежеде өтті?
13. Оқушылар үй тапсырмасын қандай дәрежеде орындады?
14. Үйген тапсырма нақты және түсінікті берілдіме?

2.4 Сабақтың жүрісі бойынша талдау

1. Оқушылардың сабаққа ынтасы қандай болды?
2. Сабақтың барсыз қарқынды бодыма?
3. Түсіндіруде пайдаланылған тіл және терминдік сөздіктер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сайма ?
4. Оқушылардың сабақ кезіндегі тәртібі қандай болды?
5. Егер тыныштық сақталмаған болса, онда оның себебі неде болды?
6. Мұғалімнің сыныппен қатынасы қандай болды?
7. Мұғалім тақтаны және көрнекіліктерді қандай пайдаланды?
8. Мұғалімнің өзін өзі ұстауы, дауысы киімі, тактикасы және мәдениеті қалай болды?
9. Сыныптың сабаққа дайындығы қандай болды?
10. Сабақ әділ бағаландыма?
11. Бағалары күнделікке қойылдыма?
12. Сабақта уақыт тиімді пайдаланылдыма?

2.5 Сабақты жоспарлаудағы ұстанатын басты ережелер

1. Сабақ құрылысында тәрбиелік және дидактикалық мақсаттар қойылуы тиіс. Сабақтың өткізу түрі анықталуы тиіс және бүгінгі сабақ өткен сабақпен байланысты болуы тиіс.
2. Сабақты дайындау және ұйымдастыру кезінде келесідей талаптар қойылады: - жоспарлау, қажетті құралдар мен жабдықтардың түрлері мен сандарын анықтау, оқушылардың өздігінен орындайтын тапсырмаларының түрлерін анықтау.
3. Сабақтың мазмұны мен оқытуға келесі талаптар қойылады: - тәрбиелік маңызы, табиғатқа сүйіспеншілік тудыру, ізденуге талпындыруы қажет.
4. Сабақ жүргізу техникасына келесі талаптар қойылады: - дауыс ырғағын пайдалану, оқушылар шаршаған кезде демлауға ыңғайлы педагогикалық әдісті қарастыру, ойын және тапсырмалық сабақ әдістерін қарастыру.

2.6 Практиканттың мінездемесінде көрсетілетін басты мағлұматтар

1. Студенттің қай мектепте практика өткені туралы мәлімет.
2. Практика кезінде өткізілген сабақтар саны.
3. Мұғалімнің орына және көмекшісі ретінде қанша сабақ өткізілді.
4. Студенттің шетел тілі пәні бойынша мектеп бағдарламасын және әдістемелік негіздерін меңгеру дәрежесі туралы мәлімет.
5. Жұмысты жоспарлау және конспектілер түзудегі икемі туралы мәлімет.
6. Шетел тілі мұғалімінің іс әрекетіне сипаттама беру және бағалау.
7. Шетел тілі пәні бойынша сыныптан тыс орындалған сабақтардың саны мен сапасы туралы мәлімет.
8. Студенттің жауапкершілігі туралы мәлімет.

2.7 Практика жөнінде есеп беру құжаттар тізімі

1. Күнделік
2. Күнтізбелік сабақ жоспары.
3. Күнделікті сабақ жоспары.
4. Тәрбие сағат жоспары.
5. Ашық сабақ жоспары.
6. Мінездеме.
7. Ашық тәрбие сағаты.
8. Күнделік дәптер.
9. Көрнекіліктер.

2.8 Студенттің практика кезіндегі жеке-өзіндік тапсырмаларды орындауға әдістемелі нұсқау.

Педагогикалық мамандықтарының білім алушылары ҚР МЖМБС сәйкес педагогикалық тәжірибесінен өтеді, ол арнайы пәндер жиынтығы аяқталған соң немесе теориялық курсы толық аяқталған соң ұйымдастырылады.

Педагогикалық тәжірибесінің мақсаты жалпығылыми, мәдениеттілік психологиялық – педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерін тереңдету, сонымен қатар теориялық білім негізінде педагогикалық, дағды мен құзіретілігін қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық іс-тәжірибе жалпығылыми, дидактикалық, әдістемелік, пәндік және психология – педагогикалық даярлықтың бірігуіне бағытталған.

Педагогикалық тәжірибенің бағдарламасы шығаратын кафедрасымен дайындалады және бекітіледі.

Педагогикалық тәжірибенің бағдарламасы білім алушылардың кәсіптік –маңызды дағдыларына және негізгі құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталуы керек:

- жоспарлау, болжаудау, оқыту мен тәрбиелеу процестерінің негізгі компоненттерін талдау,

- оқыту құралдарының дидактикалық мақсаты мен қызметі және
- қолданылатын әдісіне сәйкес дәрежесін анықтау;
- әдістемелерді ұйымдастыру мен әр түрлі формаларын қолдану және оқу;
- танымдық, еңбектік қоғамдық табиғатты қорғау, денсаулық сақтау,
- оқушыларға оқу кезінде және тәрбие жұмысы барысында оның жеке дамуын іске асыру;

- педагогикалық процесс жағдайына педагогикалық диагностика өткізу;
- оқушылардың іс –әрекет қорытындысы мұғалімдердің және өздерінің жасалған қызметтері бойынша бағаланады.

- педагогикалық тәжірибесінің базасы, жалпы орта білім беру, бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

Шығаратын кафедра бекітілген кәсіптік тәжірибеден өту келісімшартының нысанына сәйкес, тәжірибе базаларымен келісімшартқа отырады. Педагогикалық тәжірибесінің өтілу мерзімі мен уақыты Шу-нің оқу процесінің кестесіне сәйкес анықталады.

Педагогикалық тәжірибесінің қорытындысы бойынша білім алушылар сәйкес кафедраға есеп беру тапсырады, оны тәжірибенің ғылыми жетекшісі тексеріп, кафедра меңгерушісінің бұйрығымен құрылған комиссиясының алдында қорғайды. Есеп беруді қорғау қорытындысы дифференциалдық сынақпен сандық балды –рейтингтік әріптік баға жүйесімен бағаланады. Есеп берулер кәсіптік тәжірибе өтуінің нәтижелері бойынша есеп беру нәтижелерін тіркеу және есепке алу журналына тіркеледі және кафедрада оқу жылының аяқталуына дейін сақталады.

2.9. Студенттің педагогикалық практикасының мектептегі жетекшісінің міндеттері

Студенттің мектептегі педагогикалық практикасын өту кезінде мектеп тарапынан практика жетекшісі тағайындалады. Ол жетекші студенттің педагогикалық жоспары бойынша барлық практикалық жұмыстарды атқару барысын қадағалайды. Педагогикалық практика тиімді және жоғары дәрежеде өтуі үшін, студент практика кезінде педагогикалық әдістер мен тәсілдерге үздік машықтануы үшін мектеп тарапынан тағайындалған жетекші келесідей жетекшілік жұмыстарды атқаруы тиіс:

- Мектептің педагогикалық ұжыммен алғаш кездесу мен педагогикалық практика соңынан қорытынды педагогикалық кеңесті ұйымдастырып, мектеп мұғалімдерімен әдістемелік жұмыстар жөнінде әңгіме өткізу;

- Студенттерді мектеп мұғалімдерімен келісе отырып, сыныптарға бөлу;

- Студент практиканың шығармашылық жұмыс жасауына бағыт беру, оны қадағалап отыру;
- Студенттердің оқу тәрбие жұмысы бойынша құжаттарын тексеріп, қорытынды бағаларын қою;
- Педагогикалық практика жетекшісіне практика соңындағы топтың есебі мен мектеп қызметкерлеріне төленетін ақының құжатын уақытылы тапсыру;
- Сынақ құжаты мен кітапшасына студенттердің тисті бағаларын қою.

2.10 Мектеп директоры мен оқу ісі жөніндегі орынбасарының міндеттері:

- Педагогикалық практиканың көңілді өтуіне жағдай жасау, кезекті практиканың өтуі туралы мектеп мұғалімдерімен, өзге қызметкерлермен, оқушылармен жұмыс жүргізу;
- Студент практиканттардың педагогикалық кеңеске жұмысына пән бірлестігінің, ата - аналар комитетінің ортасына қатысуына мүмкіндік жасап, олардың жұмыс жоспарларымен таныстыру;
- Студент пратиканттың кейбір сабағына, тәрбие жұмысының біріне қатысып, талдау жасау;
- Педагогикалық кеңесте практика жұмысын жақсарту, оқу тәсілдерін жетілдіру туралы пікірлерін айту;
- Педагогикалық практиканың аяқталуымен байланысты мектеп педагогикалық кеңес өткізіп, мүмкіндік болса университеттегі конференцияға қатысу.

2.11 Студенттің педагогикалық практикасының кафедра тарапынан жетекшісінің міндеттері

Педагогикалық жетекшісі практика басталар алдында студенттермен жиналыс өткізуі тиіс. Жиналыста студенттерге практиканың мақсаттары мен міндеттерін, студенттің практика кезінде атқаратын жұмыстарына сипаттама, мектеп туралы, сыныптар туралы мәліметтер және студенттердің практика кезінде орындайтын жеке тапсырмаларының тақырыптарын береді. Жетекші келесі жұмыстарды атқаруы тиіс:

- Педагогикалық алдындағы жиналыста практиканың уақытын, мерзімін және сипатын түсіндіреді;
- Педагогикалық соңында түзілетін есептің мазмұны мен түзу ережелерін және оған керекті, практика кезінде жинайтын материалдардың сапасы мен санын көрсетеді;
- Педагогикалық кейінгі есеп беру мерзімін анықтайды;
- Педагогикалық күнделігін толтыру ережелерін түсіндіреді;
- мектеппен практиканттардың орындайтын педагогикалық жұмыстарының реті мен түрлерін анықтайды;
- студенттерге мектептегі тәжірибелі ұстаздардың арнайы дәрістер беруін және педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстармен таныстыруын қамтамасыз етеді;
- Педагогикалық кезінде үнемі қадағалауды қамтамасыз етеді;
- Педагогикалық біткеннен кейін практика туралы есепті кафедрада қорғауды қамтамасыз етеді;
- Педагогикалық соңында қорытынды конференция өткізеді.

2.12 Педагогикалық практика біткен кезде студенттің практика туралы өткізетін құжаттар тізімі.

1. Педагогикалық практиканың жеке жоспары.
2. Күнделік.
3. Педагогикалық практика кезінде өткізілген сабақтардың тақырыптық жоспары.
4. Сабақтардың жазбаша жоспарлары.
5. Сабақтың әдістемелік талдауы.
6. Бір оқушыға берілген психологиялық-педагогикалық мінездеме.

7. Шетел тілі сабақтары бойынша өткізілген кештер, диспуттар және викториналар туралы есеп.

8. Бақылау сабақтарының жазбаша жоспары.

9. Педагогикалық практика есебі.

10. Мінездеме.

2.13 Педагогикалық практика жөнінде есеп беру құжаттар тізімі.

1. Күнделік

2. Күнтізбелік сабақ жоспары.

3. Күнделікті сабақ жоспары.

4. Тәрбие сағат жоспары.

5. Ашық сабақ жоспары.

6. Мінездеме.

7. Ашық тәрбие сағаты.

8. Күнделік дәптер.

9. Көрнекіліктер

3.Өндірістік практикасы

3.1 Өндірістік практика туралы қысқаша сипаттама

Арнайы пәндер циклының оқытуды немесе жалпы теориялық курсты аяқтағаннан кейін арнайы кәсіптік тәжірибесі ұйымдастырылады.

Қашықтықтың оқыту бөлімінің білім алушылары мамандық бойынша жұмыс істесе, арнайы кәсіптік тәжірибеден босатылады. Бұл жағдайда білім алушылар ШУ-не жұмыс орнынан кәсіптік қызметі көрсетілген, бейнеленген анықтама және мінездеме тапсыруы керек.

Өндірістік тәжірибесінің бағдарламасы шығаратын кафедрасымен дайындалады және бекітіледі.

Өндірістік тәжірибесінің мақсаты түйінді құзіреттілігін бекіту, оқыту мамандығы бойынша тәжірибелік дағды мен кәсіптік тәжірибе қалыптастыру болып табылады. Өндірістік тәжірибесінің базасын белгілеу оқытылатын мамандықтың профиліне байланысты (немесе салалас мекемелерде)

Шығаратын кафедра бекітілген кәсіптік тәжірибеден өту келісімшартының нысанына сәйкес, тәжірибе базаларымен келісімшартқа отырады.

Тәжірибе базаларымен келісімшартқа оқу жылының басталуына 1 ай бұрын отыруы тиіс.

Өндірістік тәжірибесінің өтілу мерзімі және уақыты ШУ-нің оқу процесінің кестесіне сәйкес орнатылады.

Өндірістік тәжірибесінің қорытындысы бойынша білім алушылар сәйкес кафедраға есеп беру тапсырады, оны тәжірибенің ғылыми жетекшісі тексеріп, кафедра меңгерушісінің бұйрығымен құрылған комиссиясының алдында қорғайды. Есеп беруді қорғау қорытындысы дифференциалдық сынақпен сандық балдық-рейтингтік әріптік баға жүйесімен бағаланады. Есеп берулер кәсіптік тәжірибе өтуінің нәтижелері бойынша есеп беру нәтижелерін тіркеу және есепке алу журналына тіркеледі және кафедрада оқу жылының аяқталуына дейін сақталады.

4.2 Практика біткен кезде студенттің практика туралы өткізетін құжаттар тізімі.

1. Практиканың жеке жоспары.

2. Күнделік.

3. Практика кезінде өткізілген сабақтардың тақырыптық жоспары.

4. Сабақтардың жазбаша жоспарлары.

5. Сабақтың әдістемелік талдауы.

6. Бір оқушыға берілген психологиялық-педагогикалық мінездеме.

7. Қазақ тілі мен әдбиеті сабақтары бойынша өткізілген кештер, диспуттар және викториналар туралы есеп.

8. Бақылау сабақтарының жазбаша жоспары.

9. Практика есебі.

10. Мінездеме.

4.3 Практика жөнінде есеп беру құжаттар тізімі.

1. Күнделік

2. Күнтізбелік сабақ жоспары.

3. Күнделікті сабақ жоспары.

4. Тәрбие сағат жоспары.

5. Ашық сабақ жоспары.

6. Мінездеме.

7. Ашық тәрбие сағаты.

8. Күнделік дәптер.

9. Көрнекіліктер

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ

«Филология» кафедрасы

Педагогикалық практика жөніндегі

Е С Е П

(мектептің атауы)

(мектептің мекен жайы)

Студент _____

(аты жөні, тегі)

Тобы _____

Практиканың өту мерзімі _____

Практиканың мектеп тарапынан жетекшісі _____

Практиканың кафедра тарапынан жетекшісі _____

Практика есебі "____" _____ 20__ ж.
"_____" бағаға қорғалды.

Шымкент - 20_ ж.